

**6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылған
Досқабулова Дария Толеукызының
«Батыс Қазақстан қалаларының балалары мен жасөспірімдерінің
денсаулығы және оны сақтау мен нығайту бойынша іс-шаралар әзірлеу»
докторлық диссертациясына
ПІКІР**

Докторант Досқабулова Дария Толеукызы – 2005 жылы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының «Медико-профилактикалық іс» факультетін үздік дипломмен бітірді. 2014 жылы «Медико-профилактикалық іс» мамандығы бойынша магистратура бітіріп, медицина ғылымдарының магистрі дәрежесін алды. 2020 жылы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінде 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша ғылыми-педагогикалық бағыттағы докторантуралық сәтті аяқтады. 95 ғылыми еңбектің авторы.

Оку барысында, университеттің қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау кафедрасынан педагогикалық тағылымдамадан, одан кейін Армения, Ереван қаласында Мхитар Гераци атындағы Ереван мемлекеттік медицина университетінде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті.

Университеттің ғылыми Кенесінде «Батыс Қазақстан қалаларының балалары мен жасөспірімдерінің денсаулығы және оны сақтау мен нығайту бойынша іс-шаралар әзірлеу» докторлық диссертация тақырыбы бекітілді. Д.Т. Досқабулованың докторлық диссертация жұмысы қазіргі қоғамдық денсаулық сақтаудағы өзекті тақырыптардың бірі және ғылыми-практикалық маңызға ие. Диссертациялық жұмыс Батыс Қазақстан қалаларының балалар мен жасөспірімдерінің денсаулығын сақтау мен нығайту мақсатында медициналық емес детерминанттарды кешенді зерттеу негізінде балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған шаралар әзірлеуге бағытталған.

Зерттеу барысында, медициналық емес детерминанттардың балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы мен әл-ауқатына әсерін анықтау мәселелері бойынша библиографиялық, әлеуметтік, ақпараттық, мазмұнды талдау элементтері, статистикалық әдістер арқылы жүргізді. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының (ДДСҰ) әдіснамасы бойынша «Health Behaviour in School-aged Children» (HBSC) сауалнамасының көмегімен Батыс Қазақстан (Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Орал) қалаларында мектеп оқушылары арасында 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдерге денсаулыққа қатысты мінез-құлық бойынша сауалнама жүргізді. Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Орал қалаларының мектеп оқушылары арасындағы аурушандық көрсеткіштері деңгейі зерттелді. Жалпы білім беретін мектеп үлгісінде балалар мен жасөспірімдер арасында денсаулық туралы сауаттылықты арттыру бойынша денсаулықты нығайтуға ықпал ететін Мектеп әзірледі және апробациядан өткізді. Докторант денсаулықты нығайтуға ықпал ететін Мектептің тиімділігін бағалау мақсатында өз бетінше

сауалнама дайында, әдістемелік нұсқаулар әзірледі, Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы Куәлік алынды.

Диссертациялық жұмыс ғылыми-теориялық деңгейде жазылған және аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады. Зерттеудің ғылыми жаңалығын диссертацияның негізгі қорғауға ұсынылған қағидалалары мен тұжырымдары дәлелдейді. Қорғауға ұсынылатын қағидалар мен тұжырымдары ғылыми негізделген және олардың құрылымы ойластырылған, зерттеудің тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу көлемі жағынан жеткілікті материалдар жинақталған және өндөлген, нәтижелері мүқият талданған. Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелері тәжірибелік ұсыныс ретінде енгізілді.

Диссертациялық жұмыс нәтижелері бойынша Scopus (Elsevier) Web of Science (Clarivate Analytics) мәліметтер базасына кіретін халықаралық журналында мақала, Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитетімен ұсынылған журналдарда мақалалар, Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда тезистер жариялады, сонымен қатар, әдістемелік нұсқаулар, ендіру актілері, авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы күәлік алынды.

Докторант диссертацияның барлық бөлімдері, зерттеу мақсаттары, міндеттері мен бағдарламалары, материалды жинау және өндеу, диссертацияның негізгі қағидалары, қорытынды мен тәжірибелік ұсыныстары автормен өз бетінше тұжырымдалған және жазылған.

Жүргізілген зерттеу жұмысы докторанттың зерттеу техникасы мен заманауи әдістерін жақсы менгергенін және ғылыми зерттеу жүргізуде жоғары деңгейдегі дайындығын айқындайды, сонымен қатар, қойылған талаптарға сәйкес келеді.

Досқабурова Дария Толеукызы – «Батыс Қазақстан қалаларының балалары мен жасөспірімдерінің денсаулығы және оны сақтау мен нығайту бойынша іс-шаралар әзірлеу» тақырыбында жүргізілген докторлық диссертациясы 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ғылыми жетекшісі
медицина ғылымдарының докторы, профессор

Мамырбаев А.А.

